№ исх: 21-9/534 дз от: 01.03.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

ПРАВИТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№

Бақылаудан алынды

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына

2021 жылғы 27 қаңтардағы
№ ДС-17 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қандастардың кейбір мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасы Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына сәйкес жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы орындар, орта білім беру ұйымдарының мүмкіндіктерін және қолданыстағы заңнама шеңберінде мемлекеттік қолдаудың басқа да шараларын ұсынуды ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

1991 жылдан бері барлығы 1 млн 70,3 мың этникалық қазақ тарихи отанына оралды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 13 мыңнан астам адам көшіп келіп, қандас мәртебесін алды, оның ішінде өңірлік қабылдау квотасына 1 378 қандас енгізілді.

Биыл этникалық қазақтардың, жергілікті атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің ұсыныстары мен өтінімдерін ескере отырып, өңірлік квота 1 426 құрады.

«Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: әрбір азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасына сәйкес 2025 жылға дейін 80 мың қандастың, оның ішінде 2021 жылы 12 мың қандастың қайта оралуына жәрдемдесу жоспарлануда.

02.03.2021 Копия электронного документа.

Осыған байланысты, сондай-ақ шетелден келетін қандастар санының ұлғаюын ескере отырып *(ЖАО өтінімдерінің негізінде*), қандастарды қабылдау квотасы қайта қаралатын болады.

Заңнамаға сәйкес қандастарға «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы *(бұдан әрі – «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы)* шеңберінде «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылатын ерікті түрде қоныс аударуды қолдау шараларын қоса алғанда, халықты жұмыспен қамту саласындағы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге қандастарға Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең мүмкіндік беріледі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының *(2020 жылғы 22 қазанда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берілген)* «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қоныс аударушыларға және қандастарға солтүстік өңірлерге көшуге берілетін субсидиялар мөлшерін 2 есе – 35-тен 70 АЕК-ке дейін ұлғайтуға қатысты тапсырмасын іске асыру бойынша Үкімет қаулысының жобасы әзірленді *(қаулы мемлекеттік органдарда келісілу үстінде)*.

Тарихи отанына шетелден оралған қандастарға консультациялық және ақпараттық қолдау көрсету мақсатында Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ Алматы, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Жамбыл облыстарында «Қандастарды ақпараттық қолдау орталықтары» *(фронт-офистер)* құрылды. Аталған фронт-офистер 2020 жылы қандастардың 5 мыңнан астам өтінішін қарады *(интеграцияға, бюрократиялық кедергілерге және ақпараттық-консультациялық сипаттағы өтініштерге қатысты)*.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірлесіп, «бір терезе» қағидаты бойынша «қандастарға» мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бизнес-процестерді оңтайландыру жөніндегі жол картасы іске асырылуда.

Ағымдағы жылдың II тоқсанында Халыққа қызмет көрсету орталықтарында өңірлік квотаға енгізуді, тұрақты тұруға рұқсат алуды және жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды көздейтін «қандастарға» мемлекеттік қызметті бір мезгілде көрсету іске қосылатын болады.

Бұдан басқа, қандастарды бейімдеу және интеграциялау орталықтарында *(Қарағанды, Түркістан облыстары және Шымкент қаласы)* ақпараттық-анықтамалық қызметтер көрсетіледі, оның ішінде Қазақстан Республикасының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлері, заңнама негіздері және шағын бизнес ашу бойынша оқыту курстарын өткізу, қандастардың қоғамға бейімделуі мен интеграциясын жеделдетуге ықпал ететін жұмысқа орналасуға көмек көрсетіледі.

2021 жылы Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарын құру мәселесі пысықталуда.

ХҚКО мен Бейімдеу орталықтарында қандастар мәселелеріне қатысты барлық қызметтер мемлекеттік тілде көрсетілетінін атап өту қажет.

Бұдан басқа, Республикамызға келетін этникалық қазақтар үшін қолайлы жағдайлар жасауды, сондай-ақ өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының белгіленген көрсеткіштерін ескере отырып, қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталарын қалыптастыруды көздейтін Көші-қон саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы әзірленуде.

Елдегі көші-қон және демографиялық процестерін тұрақтандыру, сондай-ақ қандастар құқықтарын сақтау мәселелері Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **А. Мамин**

М. Рамазан
74-53-32

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На письмо от 27 января 2021 года
№ ДС-17

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев депутатский запрос касательно некоторых вопросов кандасов, сообщаем следующее.

Региональная квота приема кандасов формируется в соответствии с Законом Республики Казахстан «О миграции населения» на основании предложений местных исполнительных органов с учетом возможностей трудоустройства, обеспечения жильем, местами в дошкольных организациях образования, организациях среднего образования и предоставления других мер государственной поддержки в рамках действующего законодательства.

Всего с 1991 года на историческую родину вернулись 1 млн. 70,3 тыс. этнических казахов. По итогам 2020 года прибыли и получили статус кандаса более 13-ти тысячи человек, из них 1 378 включены в региональную квоту приема кандасов.

В этом году с учетом предложений и заявок от этнических казахов, местных исполнительных органов и загранучреждений Республики Казахстан региональная квота составила 1 426.

В соответствии с Дорожной картой по реализации предвыборной программы партии «Nur Otan» до 2025 года «Путь перемен: достойная жизнь каждому гражданину» до 2025 года планируется содействие возвращению 80-ти тысячам кандасов, в том числе в 2021 году – 12-ти тысячам кандасов.

В связи с этим, а также с учетом увеличения численности кандасов *(на основании заявок МИО)* квота приема кандасов, прибывающих из-за рубежа, будет пересмотрена.

В соответствии с законодательством кандасам предоставляется равная возможность с гражданами Республики Казахстан на обеспечение услугами в сфере занятости населения, включая меры поддержки добровольного переселения в рамках Государственной программы развития продуктивной

занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы «Еңбек» *(далее – Госпрограмма «Еңбек»),* осуществляемые посредством автоматизированной информационной системы «Рынок труда».

В то же время, в целях реализации поручения Главы Государства касательно увеличения размера субсидий переселенцам и кандасам на переезд в северные регионы в 2 раза – с 35 до 70 МРП в рамках Госпрограммы «Еңбек» *(данного 22 октября 2020 года на четвертом заседании Национального совета общественного доверия)* разработан проект постановления Правительства *(проект находится на согласовании в государственных органах)*.

В целях оказания консультативной и информационной поддержки кандасам, вернувшимся на историческую родину из-за рубежа, в городах Алматы и Шымкент, а также Алматинской, Акмолинской, Северо-Казахстанской, Восточно-Казахстанской, Карагандинской, Костанайской, Павлодарской и Жамбылской областях созданы центры информационной поддержки кандасов *(фронт-офисы)*. Данные фронт-офисы в 2020 году рассмотрели более 5 тысяч обращений кандасов *(обращения касательно интеграции, бюрократических барьеров и информационно-консультационного характера)*.

Совместно с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» реализуется Дорожная карта по оптимизации бизнес-процессов при оказании государственных услуг «кандастар» по принципу «одного окна».

Во II квартале текущего года в центрах обслуживания населения *(далее – ЦОН)* будет запущено оказание государственной услуги «кандастар», предусматривающей одновременное включение в региональную квоту, получение разрешения на постоянное место жительство и принятие гражданства Республики Казахстан в упрощенном порядке.

Кроме этого, в центрах адаптации и интеграции кандасов *(Карагандинской, Туркестанской областях и г. Шымкент)* оказываются информационно-справочные услуги, в том числе проведение курсов обучения по истории, культуре и традициям Республики Казахстан, основам законодательства и открытию малого бизнеса, помощь в трудоустройстве, что способствует ускоренной адаптации и интеграции кандасов в общество.

Прорабатывается вопрос по созданию в 2021 году центров адаптации и интеграции в Северо-Казахстанской, Павлодарской, Восточно-Казахстанской и Костанайской областях.

Необходимо отметить, что в ЦОН-ах и центрах адаптации кандасам все услуги касательно вопросов кандасов оказываются на государственном языке.

Кроме того, разрабатывается проект Концепции миграционной политики на 2022 – 2026 годы, предусматривающий создание благоприятных условий для этнических казахов, прибывающих в Республику Казахстан, а также формирование региональных квот приема переселенцев и кандасов с учетом установленных показателей социально-экономического развития регионов.

Вопросы стабилизации миграционных и демографических процессов в стране, а также сохранения прав кандасов находятся на постоянном контроле Правительства.

Премьер-Министр
Республики Казахстан **А. Мамин**

М. Рамазан
74-53-32